

1991 жылы туылған азаматтарды Ақтөбе қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқарманың шақыру учаскесінде тіркеуді өткізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімиятының 2007 жылғы 13 желтоқсандағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2007 жылғы 25 желтоқсанда № 3-1-81 тіркелді. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Әділет басқармасының 2009 жылғы 17 шілдедегі № 01-4-13/9372 хатымен

Ескерту. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Әділет басқармасының 2009.07.17 № 01-4-13/9372 хатымен

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабын, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 "Қазақстан Республикасындағы әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі және ережені бекіту туралы" Қаулысын орындау үшін, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33, 37 баптары негізінде қала әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2008 жылдың 10 қаңтар мен 31-і наурыз аралығында Ақтөбе қаласы Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының шақыру учаскесіне тіркелу жасы 17-ге толатын 1991 жылы туылған азаматтарды, сонымен қатар бұрын тіркеуден өтпеген, тұрақты немесе уақытша Ақтөбе қаласының аумағында тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеу жүргізілсін.

Шараларды орындауға қатысты шығындар жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

2. Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау Департаменті (Қ.Қ.Сабыр) Қорғаныс істері жөніндегі басқарма қарамағына бөлсін:

1) бекітілген құрамға сәйкес тіркелінетіндерге медициналық куәлік беруді жүргізу үшін дәрігер-мамандарды;

2) тіркелінетіндерге медициналық құжаттарымен сапалы және толық қамтамасыз ету үшін жеткіншектер кабинеттерінің дәрігерлерін;

3) дәрігер - мамандарды және медбикелерді қосымша тексеруден өткізу үшін, тіркелетіндердің саны көбеюіне байланысты;

- 4) дәрігер - мамандардың резервтегі құрамын;
- 5) медициналық комиссия жұмысы үшін қажетті медициналық мүліктерді, құралдарды және дәрі - дәрмектерді.

3. Меншік түріне қарамастан кәсіпорын, мекеме, ұйым және оқу орындарының басшылары:

1) тіркеуге жататын азаматтарға хабар берсін, оларды қалалық шақыру пунктiне шақырсын және олардың бұл шақыру бойынша дер кезiнде келуiн қ а м т а м а с ы з е т с i н ;

2) шақыруға дейiнгiлердi әскери есепке қоюға байланысты мiндеттердi орындауға қажеттi уақытқа олардың жұмыс (оқу) орындарындағы айлығын (стипендиясын) сақтай отырып, жұмыстан (оқудан) босатсын.

4. Қалалық бiлiм бөлiмiнiң бастығы (Ә.К.Көшербаев) Қорғаныс iстерi жөнiндегi басқармамен (Т.К.Бөлтеев) бiрлесе отырып, қала мектептерiнде оқитын барлық 1991 жылы туылған жасөспiрiмдердi толық тiркеуге алуды бақылауды жүзеге асырсын. Тiркелу кезiнде анықталған барлық орта бiлiмi жоқ жасөспiрiмдердi кейiннен күндiзгi және сырттай жалпы бiлiм беру мектептерiнде оқытатындай етiп, есепке алсын.

5. Қалалық iшкi iстер бөлiмiне (М.Өсербаев) тiркеудi жүргiзу кезiнде қоғамдық тәртiптi сақтау үшiн екi адамнан тұратын полиция нарядын бөлсiн.

6. Қалалық АХАЖ бөлiмiне (В.Т.Мамбетова), қалалық сотқа (С.К.Төлегенов) меншiк түрiне қарамастан органдар мен ұйымдарға Қазақстан Республикасының "Әскери мiндеттiлiк және әскери қызмет туралы" Заңының 18 бабында қарастырылған мiндеттердiң орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Селолық округтер әкiмдерi Қорғаныс iстерi жөнiндегi басқарманың талабы бойынша әскерге шақырылатын жасқа дейiнгiлер мен әскерге шақырылушыларды шақырту пунктiне шақырылғандығын хабарласын және уақытында келуiн қамтамасыз етсiн.

8. Ақтөбе қаласы Қорғаныс iстерi жөнiндегi басқарма бастығы Т.К.Бөлтеевке азаматтардың әскерге шақыру учаскесiне тiркелуiн ұйымшылдықпен жүргiзудi қамтамасыз ету шараларын алсын. Тiркеу қорытындысы туралы 2008 жылдың 10 сәуiрiнде қала әкiмiне хабарласын.

9. Осы шешiм ресми жарияланғаннан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

10. Осы шешiмнiң орындалуын бақылау қала әкiмiнiң орынбасары С.М. Қалдығұлова және Қорғаныс iстерi жөнiндегi басқарма бастығы Т.К.Бөлтеевке жүктелсiн.

Қала әкiмi

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК